

Жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдауға бірыңғай тарифті белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 11 қыркүйектегі N 3071 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 11 қазанда N 2703 тіркелді. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 13 тамыздағы N 6444 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 13.08.2014 N 6444 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі «Автомобиль көлігі туралы» Заңының 19-бабына және Өскемен қалалық мәслихатының 2012 жылғы 15 тамыздағы № 8/2-V «Өскемен қаласындағы жолаушыларды және жүкті жүйелі қалалық автомобиль тасымалдауына тарифті келісу туралы» шешіміне сәйкес Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдауға автобустарда бір жол жүруіне 60 (алпыс) теңге және шағын автобустарда бір жол жүруіне 65 (алпыс бес) теңге мөлшерінде бірыңғай тариф **б е л г і л е н с і н .**

2. «Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын шараларды **қ а б ы л д а с ы н .**

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Өскемен қаласы әкімінің орынбасары **О . А . Ж е л ы к о в а ғ а ж ү к т е л с і н .**

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн **ө т к е н с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .**

Өскемен қаласының әкімі
«КЕЛІСІЛДІ»

С. Тәукебаев

мәслихатының хатшысы
2012 жылғы 11 қыркүйек

Ө с к е м е н қ а л а л ы қ
В. Головатюк

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК